

**Рамазанова Ш.А.<sup>1</sup>, Иманкулова С.М.<sup>2</sup>,**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

<sup>1</sup>доценті, ф. ғ. к., <sup>2</sup>доценті, ф. ғ. к.,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: shaigul69@mail. ru; isalta\_69@mail. ru

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада табиғат пен адамның арақатынасы және студенттердің ой-танымын тереңдету тұғырнамасын орнықтыру туралы ой-пікірлер қамтылды. Эстетикалық клубтар арқылы табиғатты тану, қорғау, қолдау мәселелері ескерілді. Студенттер санасын әртүрлі кештер мен байқаулар, сауалнамалар арқылы ояту мен ұлттық ұстанымдарды қастерлеудің нақтылы жолдары белгіленді. Табиғат поэзиясы арқылы экологиялық танымды, эстетикалық сауатты ашу амалдары қарастырылды. Студенттердің ой-санасын әлем поэзиясының інжу-маржандары арқылы өзгертудің өрістері көрсетілді.

**Түйін сөздер:** табиғат пен адам, қазақ поэзиясы, студенттердің ой-танымы, эстетикалық клубтар

Ramazanova Sh.A., Imankulova S.M.  
**Forming the students' nature of students**

In the article the opinions on strengthening the platform of deepening of students knowledge and the relations between the nature and man are covered. The problems of studying, protection, maintenance of the nature through esthetic clubs are considered. The concrete ways of awakening the consciousness of students through different events and competitions, questionnaires and to appreciate the national principles were defined. The methods of teaching the esthetic literacy, developing the ecological knowledge by means of poetry about the nature were studied. The possibilities of change the consciousness of students by means of masterpieces of world poetry are reviewed.

**Key words:** nature and man, Kazakh poetry, students' knowledge, aesthetic clubs.

Рамазанова Ш.А., Иманкулова С.М.  
**Формирование познания природы студентами**

В статье охватываются мнения об укреплении платформы углубления познания студентов и отношений между природой и человеком. Были рассмотрены проблемы познания, защиты, поддержания природы через эстетические клубы. Были определены конкретные способы пробуждения сознания студентов путем разных мероприятий и конкурсов, анкеты и ценить национальные принципы. Были рассмотрены способы учения эстетической грамоте, развития экологического познания посредством поэзии о природе. Были показаны как можно изменить сознание студентов с помощью шедевров мировой поэзии.

**Ключевые слова:** природа и человек, казахская поэзия, познание студентов, эстетические клубы.

Адам табиғатыөмірге келген күннен бастап туған табиғатқа тәуелді, олай болса адам да – табиғат, табиғатта адам баласы – табиғаттың тұрлаулы туындысы іспетті. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деп Абай айтпақшы, табиғат

– өлмес өлең, ақ өлең. Ал, енді өлең оқымаған адам табиғатты түсінуінің өзі мүмкін емес, олай болса, табиғатты түсіну, түйсінудің бірден – бір жолы поэзия табиғатын түсіну. Табиғаттың өзі – тұнып тұрған поэзия, туған табиғатты қорғау,

қолдаудың бірден-бір жолы көркем шығармадағы, әсіресе поэзиядағы табиғат суреттері арқылы студенттің санасын қалыптастыру. Бұл бағытта әлем әдебиетінің інжу маржандарына ат басын бұрып, суатынан сусындауға ықпал жасау қажет. Әйгілі қалғыған тау, қараңғы түн, балбыраған бұйрат, жіпсіз байланған жапырақ, жабырқау жол кімдікі? Әрине Гетенікі!

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап  
Даланы жым -жырт дел-сал қып  
Түн басады салбырап.

Неміс тауының табиғаты, яғни біздің қазақ даласындағы таулардан оқшауланып, өзгешеленіп, ерекшеленіп тұрған жері жоқ бір табиғат, бір болмыс, бір бояу.

Ал, енді осы өлеңнің байыбына барған адам табиғатқа тас ата ала ма?!

Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп,

Тағы да табиғат, көктемгі көк өзек шақ, өзен гүрілдеп тасып жатыр, көңілің көтеріледі, қаның қайнайды, тасып жатқан өзенді көріп тамырындағы тулаған қан басыңа шапшиды. Себебі, тасып жатқан өзенді көріп тұрып қалай бей-жай қаласың. «Міне табиғат тағлымы осы, табиғатты қолдау үшін де алдымен оны сезінуің, сүйсінуің керек қой.

«Туған жерден ешнәрсе жоқ, сенен ыстық, себебі сенде туып, сенен ұштық» деп Қасым Аманжолов жырлағандай, студенттер арасында «Табиғатым – тал бесігім», «Атамекен аясында», «Қызыл кітап», «Туған жерге туың тік» т. с. с. тақырыптарда кештер, кездесулер, байқаулар өткізу, пікірсайыстар ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау күндерін өткізуді дәстүрге айналдыру игілікті іс шаралардың бастамасы. Ал, нақтылы нәтижелерге қол жеткізгімізкелсе, әр студенттің қолына «Жасыл желек» сауалнама парағын ұстатып, өз қолымен атқарған іс-шараларын суретке түсіріп, күнін, айын толтырып отыруды міндеттесек, қазіргі кездегі «Жасыл ел», «Жасыл аула» бағдарламаларын да жалқылықтан гөрі жалпылық, нақтылықтан гөрі, шаттылық басымдығы байқалар еді. Әрине, әр адамның табиғатты түлету тұрғысымен ол үшін атқарған іс-әрекеттерін мерзімдік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да насихаттау жағы жетіспей жатады. Сол себепті студенттер ара-

сында «Жасыл желек» атты табиғатты қорғау клубын құрып, клуб мүшелерінің кеңесінде әр адамның өз қолымен отырғызатын ағаштарының, гүлдерінің саны есепке алынып, оны тұрақты түрде күтіп-баптап отыруды бақылауға алу, нақтылы нәтижелерді жариялап отыру да табиғат тынысын кеңейтудің бір көрінісі.

Тіпті студенттер арасында «Ағаштар әлемінде» атты байқау ұйымдастырып, әр студентті әр ағаштың кейпіне келтіріп, сол ағаш турасында айтылған, жазылған өлең-жыр, прозалық шығармалардан үзінділер оқуды дәстүрге айналдырып, жыл сайын «ағаштар әлемінде» атты байқауға дайындалу барысында біреу аққайың, біреу – қарағаш, біреу – емен, біреу – үйеңкі, біреу – шырша, біреу – ақ терек, енді біреулері – көктерек, тобылғы, бұрлен т. с. с болып киініп сол ағаштардың өмірі, қилы қасиеттері, қанша жыл жасайтыны, қай жерді мекендейтіні турасында тың мәліметтер мен деректер келтіріп, сол ағаш турлы толғау, толғамдарға тоқталып, көркем сөз оқу байқауын өткізуге болады. Яғни ақ қайың кейіпіндегі қыз ақ қайың туралы жырлар оқиды, мәселен Мұқағали Мақатаевтың:

Жапырақ жүрек, жас қайың  
Жанымды айырбастайын,  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын

немесе Сәкеннің «Тау ішінде» әнін тыңдап, Б. Тәжібаевтың «Ақ бұлақ» әнін орындау, Біржан Салдың әндері, Махамбеттің «Қызғыш құсы», халық әндері «Тобылғы сай» ма, «Әуіпідек» пе, бәрі-бәрі тұнып тұрған табиғат, табиғат тылсымы, тылсымға байлау арқылы ғана тәніңіз тазарып, жаныңыз жаңарады, табиғатқа туыса түсесіз, сол сияқты «ағаштар аясында» атты сауалнамада, қай ағаштың ең көп жырланғаны, емдік, шипалық қасиеттері, сол ағаш туралы ең көп жырлаған, жазған, суреттеген қаламгер хақында да тоқтала кету студенттің жан дүниесін жаңғырта түседі. Қазақ ұғымындағы кең дала, қара жол, сары бел сипатының ұлтпен біте қайнасып кеткенін көрсету де құндылық құпиясына беталыстың бір түрі. «Қарағым-ай, қырға шығып жолыңа қарадым-ай», «Сары белден сарғайып таң атады», немесе:

Сусамыр – елдің жайлауы  
Өмірдің бар ма байламы?  
Болмаса:  
Атыңнан айналайын, Қарқаралы,  
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады!

Ия, бұл не?! Табиғат пен адам, адам мен табиғат. Табиғатқа айналған адам, адам – табиғатқа айналғанда ғана, адам табиғаты түлейді, түрленеді, табиғатпен тіл табысады.

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен, бүрлен, бүрлен,  
Бүрленді аралайды тілін білген. . .

деп халық әнінде жырланатындай, табиғаттың тілін білмей тұрып, қорғау хақында қандай сөз болмақ?! «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» деп Абай айтпақшы, табиғаттың тілі де-тілсіз тіл, сол тілсіз тілді «көзбен көріп, ішпен білуден» басталған сезім сонары ғана, табиғат тазалығына ұласады, адам табиғаты тазармай тұрып, төңірегін қалай тазартады?! Сабақ үстінде тақырып табиғатына сәйкестендіріп, «қызыл кітапқа» енген ағаштар, гүлдер туралы толғау, әр студентке жеке-жеке тапсырмалар беріп, әлемдегі табиғат қорғау ұйымдары, олардың мүшелері, атқарған істері жайында деректер жинап, бейнетаспалар арқылы көрсету, әлемдегі ең таза қала, мемлекеттер туралы түсірілімдер дайындау, талқылау, пікірсайыстар ұйымдастыру арқылы ғана жас буынды табиғатпен туыстастыруға болады. Мысалы, «күзгі бал» мерекесі аясында күзгі табиғат көрмесін ұйымдастырып күз табиғатын ең көп белгілеген суретшілер, олар салған суреттер сикыры хақында әңгімелесіп, әндер, жырлар байқауын ұйымдастырса құба-құп болар еді. Ең алдымен жастардың бойында жанашырлық сезімін ояту, қалыптастыру қажеттілік. «Әлбетте табиғатты түсіну үшін де өзінде түсінік болу керек. Ал түсінік атаулының өлшем бірлігі – ар-ұят. » «Табиғат туындыларының ішінде адам ғана ұялып қызара біледі, әрине оның түрлі себептері бар» деп Марк Твен айтпақшы, табиғатта себеп-салдарсыз қимыл қозғалыс жоқ. Міне осы себеп-салдар атауы грамматикада да бар, «жел тұрмаса шөптің басы қозғалмайды» дейді қазақ мақалы. Табиғаттағы себеп-салдар атауларын – -дықтан, -діктен, сол себепті т. с. с. жұрнақтар арқылы жеткізу үшін де оқытушы алдын-ала табиғат құбылыстары хақында сауалнама даярлап, студенттер сол сауалнамаға жауап іздеп көреді. Мәселен: Мұз неге қатады, бу неден пайда болады, тұман неге түседі, шық қалай пайда болады, жер неге айналады, емен неге көп жасайды, қазақ даласын, туған топырағын ақындар неге көп жырлаған т. с. с. сан сауалдарды студенттер -дықтан, -діктен жұрнақтарын қатыстырып тапсырмаларды орындайды, бұл бір жағынан танымдық тапсырмалар болып табылады, әрі студенттің өз бетімен жұмыс жасауына

жол ашады, сол сияқты сабақ үстінде немесе алдын-ала табиғат құбылыстары, табиғат жаратылыс жұмбақтары оның әлем әдебиетіндегі, қазақ әдебиетіндегі көріністері хақында мәліметтер жинауға тапсырып атамекен, ата-баба, ата қоныс, ата жұрт туралы түсініктерді толықтыруға мүмкіндік мол. Мәселен, Ілияс Жетісу суреттері атты толық топтама жазса, Сәкен Көкшетау туралы тамаша туындылар қалдырды. Мұқағали Қарасазды, Сәкен Иманасов Алакөлді, С. Мұқанов Есіл жағалауын, Ғ. Мүсірепов Қос Шалқарды, Нүрпейісов Арал аймағын, Ғ. Мұстафин Қарағандыны, М. Әуезов Жидебай мен Қасқабұлақты, Ә. Тәжібаев Сырдың бойын, Махамбет Еділ мен Жайықты жырларына асыл арқау етті. «Осыған орай қазақ даласының тұтас қазақ даласының сүбелі суреттері пайда болды, бір уыс топырақ, бір түйір жусан, бір шөкім бұлт, бір тамшы су, бір күндік өмір жалғанның жалғандығы жайындағы қазақ поэзиясында, халық әндерінде кеңінен орын алған, қазақ баласы туған топырағында мәңгілік тұрақ табуды күні бүгінге дейін көксейді, күні кеше көшіп келе жатқанда бір уыс топырағын, туған жерінің бір уыс топырағын беліне буып, шүбереккетүйіп ала шыққан, яғни жанын шүберекке түйіп ала шыққан деуге де болар еді. Тіпті өлген күннің өзінде туған топырағына жетіп жығылуды көксейді, оның бір айқын айғағы қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжамал Нүрпейісовтің өзінің әу бастан шыр етіп дүниеге келген топырағы Арал аймағындағы Беларанда (Арал теңізінің жағасы) күмбезін салғызып қоюы, туған топырақ, бір уыс топырақ қазақ ұғымында киелі, қасиетті екенін осыдан да анық аңғарамыз. Тоқсанның төріне озған қанатты қаламгердің бұл ісін әркім әрқалай жорамалдағанымен салынғанына жетісегіз жыл өткен құтты қоныс – мәңгілік мекен бір уыс топырақ атты ұғымның бәрінен жоғары екенін ескерткендей, ал ата-баба, ата қоныс, ата-тек сықылды бір-бірімен еншілес ұғымдардың табиғатын да сол туған жердің бір уыс топырағы жатқаны жасырын емес, олай болса, қазақ рухының, ұлт рухының көтерілген күмбезі – бір уыс топырақ, ал бір уыс топырақтың табиғаты туған жер мен – мұңдалап тұрады, «Туған жер өзін дегенде, жүремін іштей елендеп» деген жыр жолдары осыған ойысады, әлбетте «туған жердің түтіні», «туған топырақ», «аяулы ата қоныс» тақырыбына көрмелер ұйымдастырып, шығармалар жазғызып, бейнетаспалар байқауын қалыптастырады.

«Құдай табиғатты тамаша сомдаған да, ал адамдарға келгенде асығыстық танытқан» деп

француз жазушысы Жюль Ренар айтса айтқандай, адамдардың асыл мұраты да табиғатқа теңелу болса керек, әлбетте адамдардың табиғатты өзімнің табиғатым, өз үйім, өз босағам, өз көрпептөсем деп түсінуінен, қалтқысыз қабылдауынан ғана жанашырлық жалғасын табады. Табиғатты қорғаудың бірден-бір және төтенше жолы – «адам аяғының немесе табанының тимеуі» деп американ ақыны Блисс Карман айтқан екен, оны қазақта «адам аяғы баспаған», «адам табаны тимеген», «ит тұмсығы өтпеген», «ит арқасы қиян шет» деп жатады, «өлсе өлер табиғат адам өлмес» деп Абай айтқанымен табиғатты тұншықтырып өлтіріп барып, өзі өлетін адамдарды қайтесіз, қайда қоясыз?! Сондықтан «Абайдың адамдары» бір басқа, қазіргі кездің кісілері бір бөлек екендігін ескеруіміз керек, табиғаттың төрт мезгіліне тұтас, түгел өлмес өлең арнаған ақынның аяқ астынан «өлсе өлер табиғат» деуінде негіз жоқ емес қой. Олай болса, студенттерге табиғатты қорғау керек, қолдау керек деген құрғақ қағидалардан гөрі, табиғатын тазартатын, табиғатын түрлендіретін іс-әрекеттерге жол ашқан жөн. Солардың бірі, бірі емес-ау бірегейі, «мен тұратын үй, мен тұратын подъезд (кіре беріс), мен тұратын жатақхана (қоныс), қабат сияқты нақтылы тапсырмалар топтамасын беріп, суреттерін түсіріп келу, бірте-бірте күн сайын, ай сайын, апта сайын қанша гүл отырғыздыңыз, қанша ағаш отырғыздыңыз, қанша рет суардыңыз деп қана қоймай, нақтылы

нәтижелерін суретке түсіріп әкелу тапсырылады, сонда ғана айналаны нұрландыруға болады. Кезінде ата-бабаларымыз егіп, өсіріп кеткен орман, тоғайлар бұл күнде тұтас бірнеше ондаған шақырымды алып жатыр, олар «алпан тоғайы», «құлжан тоғайы», «қожақ тоғайы» болып сол кісілердің атын сақтап қалған. Сол сияқты қазіргі жастарды сол кісілердің жолын жалғастыруға септігін тигізетін де ұстаз. Ұлт тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі-ұстаздан басталып, ұстазбен аяқталады. «Моральды мадақтау қиын емес, сабақтау қиын» неміс философы Артур Шопенгауэр айтқандай, табиғат туралы ұғымдарды ұялату үшін де жеткізудің жүйелі, жетелі жолдарын қарастыру қажет-ақ, туған топыраққа тағзым ету – тұтастай бір ұлттың ұлылығын ұлықтау екенін ескеріп қана қоймай, еселей түсу еншімізге түскен мүмкіндік. «Мүмкіндікті молайту үшін де өз мүмкіндігінді межелеп, сабақтастығын сақтау үшін де, барлығын өз басынан өткізіп, өз үлгі-өнегенді көрсету қажеттілік» деп философ, сыншы Григорий Ландау айтқан көрінеді, олай болса, ұлтын ұшпаққа шығаратын ұрпақ тәрбиелеу – ұстаз ұлылығынан туындайды.

Туған топырақ – табиғат тұмары, ал тұмар атаулы адам баласын қорғап, қолдап жүреді, сол сияқты туған жерің де сенің тілеуіңді тілейді, тақымыңды басады, бүтін бір ұлтты ұйыстыруға болады, бір уыс топырақ – туған жердің топырағы – біздің ұлттық ұранымыз!

#### Әдебиеттер

- 1 Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 437 б.
- 2 Марк Твен. Рассказы и новеллы. – М.: Художественная литература. 1972. – 213 с.
- 3 Жюль Ренар. Дневник. – М., 1965. – 232 с.
- 4 Блисс Карман. Время и искусства. – М.: Прогресс, 1990. – 310 с.
- 5 Шопенгауэр А. Собрание сочинений в 6 томах. – Т. 2. – М.: Республика; Дмитрий Сечин, 2015. – 560 с.
- 6 Ландау Г. А. Эпиграфы. – М.: Пробел, 1997. – 560 с.

#### References

- 1 Abay Qunanbaev. Eki tomдық shıǵarmalar jınaǵı. – Almatı: Jazwşı, 1986. – 437 b.
- 2 Mark Tven. Rasskazy i novelly. – M.: Hudozhestvennaya literatura. 1972. – 213 s.
- 3 ZHyul' Renar. Dnevnik. – M., 1965. – 232 s.
- 4 Bliss Karman. Vremya i isskustva. – M.: Progress, 1990. – 310 s.
- 5 SHopengauehr A. Sobrańie sochinenij v 6 tomah. – T. 2. – M.: Respublika; Dmitrij Sechin, 2015. – 560 s.
- 6 Landau G. A. EPigrafy. – M.: Probel, 1997. – 560 s.